

Жауынгер хаты

▶ Бектұрған ЛАҚАДЫЛ

Ұлы Отан соғысының ел азаматтарына салған зардабы ешқашан ұмытылмақ емес. Сол зұлмат жылдар қаншама қазақстандықты қырғынға ұшыратты. Есіл ерлер артында қалған ата-ана, сүйген жар, бала-шағасын көре алмай көз жұмды. Бұдан асқан бақытсыздық бар ма? Олар сұрапыл соғыстың өтінде жүрсе де елде қалған жанашыр-жақындарымен хат арқылы хабар алысып тұрды. Сол боздақтардың ішінде небір тума таланттар да болған.

Өткенде редакцияға Балқадиша деген апа келді. Әкесінің соғыста қаза болғанын айтты. Қабекен Әбенбаев 1902 жылы Жаңадәуір колхозында өмір есігін ашқан екен. Бал балалық күндері сонда өткен. Кейін Куйбышев аудандық әскери комиссариатынан соғысқа шақырылған. Онда атқыштар дивизиясында болып, өрлік үлгісін көрсетіпті. Туған жердің дәмі бұйырмаған ол 1943 жылы 2 ақпанда Смоленск облысы Ярцевский селосының батысында болған шайқаста қаза тапқан.

Балқадиша Қабекенқызының айтуына қарағанда, сұрапыл соғыс жылдарында әкесі мен шешесі бір-бірімен үнемі хат-хабар алысып тұрыпты. Бір ерекшелігі, олар хатты өлеңмен жазысқан. Әкесінің 1942 жылы майданда жүріп жазған бір хатын жариялап отырмыз.



үзбейді. Аракідік қолы босай қалғанда майдандағы күйеуіне өзінің сағынышты көңіл-күйін өлеңмен жіберіп тұрады.

Биғайшаның хаты

*Районға комиссия
жиналды өой,
Багажеә киім-кешек
байланды өой.
Осы барғаныңнан келмей
қалсаң, жан жолдасым,
Қалың сор маңдайдағы
қайнайды өой.*

*Жемеймін қара нанды
қалаш тұрып,
Герман-жау тірі айырды
адастырып.
Тұрмайтын дәл түс
болмай қайран басым,
Баздарын әр колхоздың
мен сыладым.*

Қабиденнің хаты

Қолыма қалам алайық,
Елге сәлем жазайын.
Сағынып, сарғайып
жүргенде,
Шер тарқатып алайын.
Алдымда менің ағам жоқ,
Ағайыннан панам жоқ.
Винтовка, күрек арқамда,
Қазулы окоп жолымда,
Олай-бұлай боп кетсем,
Қалармыз оқтың
жолында.

Самолеттер ұшады,
Қарлығашқа ұқсайды.
Гранаталар жарылса,
Иманың көкке ұшады.
Қолыңа таяқ аларсың,
Құбылаға қарарсың,
«Құлыным» деп іздесең,
Украинадан табарсың.
Сәлем де жалпы еліме,
Кіндік қан төккен жеріме.
Қырық жыл қырғын
болса да,
Ажалсыз қайтар еліне.

Алты айдан бері азеаным,
Ел сағынып жазғаным.
Қатесі болса, сөкпеңдер,
Сағынғаннан жазғаным.
Сүйген жарың: Қабекеннен

Балқадидиша анасы жайында да айтты. Анасы Биғайша Балақанқызы да өлең өнерінен құралақан емесекен. 1913 жылы Ақтоғай ауданының «Калинин» совхозында дүние есігін ашқан ол жастайынан аш-жалаңаш, жетімдіктің қасіретін тартыпты. Содан кейін сұрапыл соғыс басталып, сүйген жарын майданға аттандырады. Асыраушысынан айырылған жас келіншек ер жігіттерше еңбек етеді. Асыл азаматынан бір сәтте де күдерін

Қарағым, жоқ жоғалтқан
адам едім,
Сіздерге өзім іздеп келіп
тұрмын.
«Таппайсыз іздегенмен
оны», - деді,
«Сол кезде военком –
өзім», - деді.

Тағы да бір сұрарым
сізден деді,
Көрсетсең, списоктан
көзбен деді.
«Егерде олай болса
жүріңіздер,
Анығын списоктан
көріңіздер».

Соңынан қызбен еріп бірге
келдім,
Анығын списоктан көзбен
көрдім.
Дірілдеп буынымды баса
аламым,
Көзіме күйінгенде жас
аламын.
Апыр-ай, жолықтырдың
қалың сорға,
Контордан есік тауып
шықтым зорға.
Қос құлыным «жан тәтем»
деп зар жылайды,
Келеді деп бүгін-ертең
уатамын.
Биғайшаңнан. 1942 жыл.

Иә, бұл өлең сол жылдардағы асыл аналарымыздың тағдырын бейнелейді. Осыдан-ақ олардың ащы тірліктің тауқыметін қаншалықты тартқанымен, келер күннен әсте үміт үзбегені байқалады. Қайта қиындыққа қасқая қарсы тұрып соғыстағы азаматының аман-есен келуін тілеген. Сол кездегі рухты аналарымыздың ізгі істері біздерге үлгі болғандай!